

ПАЙДАЛАНУШЫ
НҰСҚАУЛЫҒЫ

AP-001

Frellux



zepter.kz



Ағзадағы тепе-теңдікті қалпына келтіруге арналған Zepter Frellux құрылғысын таңдағаныңыз үшін және Zepter International компаниясына сенім білдіргеніңіз үшін рахмет. Сіздің әл-ауқатыңызды сақтау үшін сапа мен инновация біріктірілген Zepter отбасына қош келдіңіз.

Frellux — бұл екі озық технологияны біріктіре отырып, ағзаңызды сауықтыруға және жалпы әл-ауқатыңызды жақсартуға синергетикалық тәсілді ұсынатын инвазивті емес портативті құрылғы. Ықшамды дизайні мен кіріктірілген батареясының арқасында сіз оны кез келген уақытта және кез келген жерде пайдалана аласыз.



ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Мазмұны

1.	Құрылғының сипаттамасы мен арналымы	4
2.	Қауіпсіздік техникасы ережелері	4
3.	Бұйым сипаттамасы	7
4.	Жеткізу жинағы	8
5.	Құрылғыны пайдалану	9
6.	Құрылғы функциясының сипаттамасы	10
6.1	Құрылғыны жұмысқа әзірлеу	10
6.2	Құрылғыны қосу	11
6.3	Электр ынталандыру функциясының жұмысы	12
6.4	Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламаларымен жұмыс	12
6.5	Құрылғы жұмысындағы үзіліс	12
6.6	Үзіліс режимін өшіру	13
6.7	Құрылғының жұмыс циклін аяқтау	13
6.8	Құрылғын өшіру	14
6.9	Аккумуляторды қуаттау	14
6.9.1	Аккумулятордың төмен зарядының индикациясы	14
6.9.2	Аккумуляторды қуаттау	14
6.9.3	Жұмыс кезінде аккумуляторды қуаттау	14
7.	Тазалау және күтім жасау	14
8.	Техникалық деректер	15
9.	Пайдаланылатын символдардың сипаттамасы	16
10.	Жарамсыздықтарды жою	17
11.	Кепілдік	17
12.	Құрылғыны кәдеге жарату	18
12.1	Пайдаланылып болған аккумуляторларды кәдеге жарату	18
12.2	Құрылғыны кәдеге жарату	18
12.3	Қаптама	18
13	Сәйкестік туралы декларация	19

1. Құрылғының сипаттамасы мен арналымы

Frellux — кәсіпқой емес адамдардың үй жағдайында қолдануына арналған инвазивті емес, медициналық емес және емдік емес құрылғы. Бұл ыңғайлы, қолдануға оңай, кіріктірілген батареядан қорек алатын портативті құрылғы.

Электр ынталандыруды иненің көмегімен пайдалану мақсаттары:

- қартаю белгілері бар теріге
- бос теріге
- терінің сыртқы түрін жалпы жақсарту үшін
- целлюлитпен және терідегі созылумен күресу үшін
- регенерация мен босаңсу үшін

Қызыл жарық функциясын пайдалану мақсаттары:

- босаңсу үшін

«Zerper» компаниясының Frellux құрылғысы синергетикалық әсерлерге жету үшін осы екі функцияны қамтиды. Пайдаланғаннан кейін Сіздің денеңізге жан кіріп, ал қалыңыз едәуір жақсарады.

Құрылғыда 36 каратты алтынмен қапталған 36 ине, және 640 ± 30 нм диапазонында қызыл жарық шығаратын 42 жарықдиод бар.

Өнім кәсіби қолдануға арналмаған.

2. Қауіпсіздік техникасы ережелері

Пайдаланар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оларды орындаңыз. Бұл нұсқауларды орындамау құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне және жарақатқа әкелуі мүмкін. Осы нұсқаулықты алдағы уақытта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ, СЕНСОРЛЫҚ НЕМЕСЕ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР (БАЛАЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА), СОНДАЙ-АҚ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН БІЛІМІ ЖОҚ АДАМДАР ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛМАҒАН, ЕГЕР ОЛАР БАҚЫЛАУДА БОЛМАСА НЕМЕСЕ ОЛАРДЫҢ

ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ АДАМ
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША
НҰСҚАУЛЫҚТАН ӨТПЕСЕ. БАЛАЛАР
БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫМЕН
ОЙНАМАУЫ ТИІС.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Бұл құрылғыны
8 жастан асқан балалар, сондай-ақ
физикалық, сенсорлық немесе ақыл-
ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі
мен білімі жеткіліксіз адамдар
пайдалануға болады, егер олар
бақылауда болса немесе құрылғыны
қауіпсіз пайдалану бойынша
нұсқаулықтан өткен болса және оған
байланысты қауіптерді түсінсе.

БАЛАЛАР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ОЙНАМАУЫ ТИІС.
ТАЗАЛАУДЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУДІ БАЛАЛАР ҚАРАУСЫЗ ЖҮРГІЗБЕУІ
ТИІС.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Электр тогының соғу қаупі
бар. Құрылғыны осы нұсқаулықта көрсетілген
параметрлерге сәйкес келмейтін қуат көзіне
қоспаңыз — параметрлер 8-бөлімде берілген.
Корпусы зақымдалған немесе CE белгісі жоқ қуат
блогын пайдаланбаңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Розеткадағы кернеу қуат блогының зауыттық тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Корпустың зақымдалмағанын тексергеннен кейін қуат блогын дұрыс орнатылған розеткаға қосыңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны дымқыл қолмен немесе ылғалды ортада қолданбаңыз (мысалы, ваннаға түскен кезде).

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны немесе қуат блогын суға батыруға, оған су шашыратуға немесе ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғы электр импульстарын шығарады. Құрылғыны бас, мойын немесе жүрек аймағында қолданбаңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғы қызыл жарық шығарады. Құрылғыны пайдаланғанда көзге жарық түсіруден аулақ болыңыз. Жарық көзі қосулы кезде құрылғының бастиегіне тікелей қарамаңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Егер құрылғының корпусына сұйықтық немесе бөгде зат кірсе, құрылғыны дереу өшіріп, тексеру үшін оны авторландырылған сервис орталығына апарыңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Тазалар алдында құрылғыны өшіріп, қуат блогын розеткадан ажыратыңыз. Корпусты тазалау үшін еріткіштерді пайдаланбаңыз. Құрылғыны жұмсақ дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны зақымдалу белгілері болса пайдаланбаңыз: қосқыш кабелінде, корпусында, инелерінде, жарық диодтарында немесе басқа бөліктерінде.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Жөндеу мен жетілдіруді өз бетіңізше жасамаңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Аккумуляторды зарядтау үшін құрылғыны қуат көзіне қоса берілген USB-кабелі арқылы қосыңыз.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны жөндеуді тек уәкілетті ZEPTEK қызмет көрсету орталығында жүзеге асыруға болады. Рұқсат етілмеген жөндеу жасалған жағдайда өндірушінің жауапкершілігі жойылады.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Бұл құрылғыны қолданар алдында жіті жедел немесе созылмалы аурулары бар адамдар ағзаны ынталандырудың бұл түрі оларға жарайтынын анықтау үшін маман дәрігермен кеңесуі тиіс!

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны келесі тұлғалар пайдаланбауы тиіс:

- онкологиялық аурулары барлар, фотоаллергия, эпилепсиясы барлар;
- жүрек-қан тамырлары аурулары, жүректің ишемиялық ауруы, тромбоз және т. б. барлар;
- электр кардиостимуляторлар, жасанды жүрек клапандары немесе басқа электронды имплантаттары барлар;
- тері ауруларынан туындаған ашық жаралары, патологиялық зақымданулары немесе бөртпелері барлар;
- жүкті әйелдер.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыда қайта зарядталатын батарея бар. Ешқандай жағдайда құрылғыны немесе батареяны отқа тастамаңыз. Бұл өте қауіпті және тыйым салынған. Бұл батареяның жарылуына әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғы жылу көзі болып табылатын.

3. Өнім ерекшеліктері

Құрылғының үстінен қарағандағы түрі:

(1) - Фуллеренмен боялған иненің алынбалы қақпағы

(1a) - Инелері мен қызыл жарық көздері бар бастиектің алынбалы қақпағы

Электр ынталандырғышты басқару түймелері

(2) - Құрылғының «қосу/өшіру» түймесі

(3) - Инелердегі импульс энергиясын арттыруға арналған түйме «+»

(4) - Инелердегі импульс энергиясын азайтуға арналған түйме «-»

Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламаларын басқару түймелері

(5) - Қызыл жарығы бар релаксация

бағдарламаларын «қосу/өшіру» түймесі

(6) - Қызыл жарығы бар релаксация

бағдарламаларын аусытыратын түйме «+»

(7) - Қызыл жарығы бар релаксация

бағдарламаларын аусытыратын түйме «-»



Дисплей жоддары

- (8)** - ⚡ Импульс энергиясының деңгейін тілдермен көрсету
(9) - * Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламаларын көрсету
(10) - 🔋 Батарея заряды деңгейінің индикаторы

Қуат көзін қосу нүктесі

- (11)** - Қуат блогын қосуға арналған с типті USB ағытпасы

4. Жинақтың құрамы

- Frellux құрылғысы
- USB-кабель
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны
- Тыс

5. Құрылғыны қалай пайдаланады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қолданар алдында пайдаланушы осы нұсқаулықтың 2-бөлімін мұқият оқып, көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтауы тиіс.

Құрылғыны бас, мойын немесе жүрек аймағында қолданбаңыз!

Пайдаланушы құрылғыны бас, мойын және жүректен басқа кез келген таңдалған тері аймағында денені босаңсыту үшін пайдалана алады.

Қызыл жарықты пайдалану:

- 1-5 бағдарламалар босаңсу үшін қолданылады. Пайдаланушы өз қалауы мен қажеттіліктеріне сәйкес жарайтын бағдарламаны өзі таңдауы тиіс.

Құрылғы жұмысының үш әдісінің бірін таңдай аласыз:

- I. Тек электр ынталандыру
- II. Тек қызыл түс
- III. Электр ынталандыру және қызыл түс

I. Тек электр ынталандыру:

- a) Иненің қақпағын **(1a)** және бастиек қақпағын **(1)** ашыңыз, құрылғыны қосыңыз және қарқындылық деңгейін "1" күйіне қойы электр ынталандыруды бастаңыз.
- b) құрылғыны босаңсытқыңыз келетін дене аймағына бекітіңіз.
- c) қажетті деңгейге жеткенше электр ынталандыру қарқындылығын арттырыңыз. Бұл сіздің дәл өзіңізге жарайтын қарқындылық деңгейіне жеткеніңізді білдіреді. Электр ынталандыру қарқындылығын кез келген сәтте «+» **(3)** түймесін басып көбейтуге, немесе «-» **(4)** түймесін басып азайтуға болады.
- d) таңдалған аймақты құрылғыны терінің бетімен 10 минут бойы жеңіл жылжытып ынталандырыңыз, жақсысы айналмалы қозғалыстармен ынталандыру. Қолдануды екі сеансқа дейін ұзартуға болады (барлығы 20 минут).

II. Тек қызыл жарық:

- a) Сіз қақпақты **(1)** ашып қоя аласыз, немесе оны көбірек босаңсы әсерін алу үшін қалдыра аласыз.
- b) Құрылғыны қосыңыз. Электр ынталандыруды «0» қарқындылық деңгейінде қалдырыңыз
- c) Қызыл жарық функциясын қосу үшін **(5)** түймесін басыңыз.
- d) Өзіңіздің қалауыңызға сәйкес «+» **(6)** немесе «-» **(7)** түймелерінің көмегімен қызыл жарықты босаңсу бағдарламасын таңдаңыз.

- е) Құрылғыны босаңсытқыңыз келетін дене аймағына бекітіңіз.
- ф) Таңдалған аймақты құрылғыны терінің бетімен 10 минут бойы жеңіл жылжытып ынталандырыңыз, жақсысы айналмалы қозғалыстармен ынталандыру. Қолдануды екі сеансқа дейін ұзартуға болады (барлығы 20 минут).

III. Электр ынталандыру және қызыл жарық:

Қызыл жарықты электр ынталандырумен бірге қолдану синергетикалық әсер береді.

- а) Құрылғыны қосыңыз және қарқындылық деңгейін «1» күйіне қойып, электрлік ынталандыруды бастаңыз.
- б) Өз қалауыңызға сәйкес қызыл жарық релаксация бағдарламасын таңдаңыз.
- с) Құрылғыны босаңсытқыңыз келетін дене аймағына бекітіңіз.
- д) Өзіңіз үшін қолайлы электр ынталандырудың максималды қарқындылығын таңдаңыз. Бұл сіз қарқындылықтың дұрыс деңгейіне жеткеніңізді білдіреді. Электр ынталандыру қарқындылығын кез келген сәтте «+» **(3)** түймесін басып көбейтуге, немесе «-» **(4)** түймесін басып азайтуға болады.
- е) Таңдалған аймақты құрылғыны терінің бетімен 10 минут бойы жеңіл жылжытып ынталандырыңыз, жақсысы айналмалы қозғалыстармен ынталандыру. Қолдануды екі сеансқа дейін ұзартуға болады (барлығы 20 минут).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қолдану кезінде немесе одан кейін теріде аздап қызару пайда болуы мүмкін, бірақ ол қысқа уақыттан кейін кетуі тиіс.

6. Құрылғы функциясының сипаттамасы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Құрылғыны ашқаннан кейін және ұзақ уақыт пайдаланбаған әр жолы аккумуляторды толығымен зарядтау үшін қуат блогын 5 сағатқа қосыңыз.

6.1 Құрылғыны жұмысқа әзірлеу

- а) Электр ынталандыру режимінде (қызыл жарық көзімен немесе онсыз) инелерді дененің таңдалған аймағына салу үшін **(B)** қақпақты **(A)** құрылғы бастиегінен алып қойыңыз.

б) Қызыл жарықты босаңсу режимінде (электр ынталандырусыз) сізде екі нұсқа бар: **(А)** құрылғы бастиегінен қақпақты **(А)** алып қоюға болады, немесе оны орнында қалдыра аласыз. Фуллеренмен боялған бұл қақпақ көбірек босаңсыту әсерін беру үшін жарық қарқынын азайтуға мүмкіндік береді.



6.2 Құрылғыны қосу

⏻ **(2)** түймесін басып, бір қысқа дыбыс сигналы естілгенше кем дегенде 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. 2 секундтың ішінде батарея **(10)** зарядының деңгей индикаторы батарея зарядының деңгейін көрсетеді — жанған нүктелер саны заряд деңгейіне пропорционалды. Содан соң импульс энергиясы деңгейінің индикаторында нұсқарда **(8)** құрылғының жұмысқа дайын екенін білдіретін «0» саны көрінеді.

Егер 1 минут ішінде бірде бір түйме басылмаса құрылғы өшеді. Ол туралы екі ұзын дыбыстық сигнал хабарлайды.

6.3 Электр ынталандыру функциясының жұмысы

(3) түймені басып ынталандыруды қосыңыз. Қысқа дыбыстық сигналды естисіз. **(8)** жоғарғы дисплейде «1» саны көрінеді, ол ынталандырудың бірінші минималды деңгейін білдіреді. Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде ынталандыру деңгейін «+» **(3)** және «-» **(4)** түймелерінің көмегімен еркін өзгертуге болады. Ынталандыру деңгейін әр өзгерген сайын жоғарғы дисплейде **(8)** белгіленген деңгейге сәйкес келетін сан көрсетіледі (1-ден 19-ға дейін). Құрылғыда импульстік энергияның 19 деңгейі бар.

6.4 Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламаларымен жұмыс

Құрылғы қосулы кезде құрылғының қызыл жарық көзін қосуға болады (6.1-бөлімді қараңыз). Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламасының **(5)**  қосу/өшіру түймесін басып, бір қысқа дыбыстық сигналды естігенше кем дегенде 3 секунд ұстап тұрыңыз. Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламасының дисплейінде (9) 0 көрінеді, бұл **(9)** функция жұмысқа дайын дегенді білдіреді.

Қызыл жарығы бар релаксация бағдарламасын «+» **(6)** және «-» **(7)** түймелерін қысқа уақытқа басып, қалауынша өзгертуге болады; төменгі дисплейде **(9)** қызыл жарық арқылы релаксация бағдарламаларын белгілейтін 1-ден 5-ке дейінгі ретті сандар көрінеді.

Қызыл жарық бағдарламасы:

- 1 – Үздіксіз жанып тұру - «1 саны» көрінеді.
- 2 – жиілігі 10 Гц пульсация «2 саны» көрінеді.
- 3 – жиілігі 600 Гц пульсация «3 саны» көрінеді.
- 4 – жиілігі 3 кГц пульсация «4 саны» көрінеді.
- 5 – жиілігі 8 кГц пульсация «5 саны» көрінеді.

Источник красного света можно выключить в любое время, нажав и удерживая кнопку  **(5)** не менее 3 секунд, пока не раздастся один короткий звуковой сигнал.

6.5 Құрылғы жұмысындағы үзіліс

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кез келген сәтте  **(2)** түймесін қысқа уақытқа басып, жоғарғы дисплейде **(8)** «P» әрпі көрінгенше үзілісті активтеуге болады — құрылғы электр ынталандыруды және қызыл жарық көзін өшіреді.

Үзіліс ине жақтағы «-» **(4)** батырмасын басу арқылы да іске қосылады, егер инелерде «1» импульс энергиясының деңгейі орнатылған болса.

6.6 Үзіліс режимін өшіру

Келесі түймелерді қысқа уақытқа басып, үзіліс режимін өшіруге болады:

- а) Φ **(2)**. Құрылғы жұмысын жалғастырады. «Р» әрпі жоғарғы дисплейден жоғалады **(8)**, және оның орнында инелерде қолданылатын импульстік энергияның соңғы деңгейін көрсететін сан пайда болады. Егер қызыл жарық релаксация бағдарламасы таңдалса, ол да жаңартылады.
- б) **(3)** инелердегі импульстік энергияның деңгейі «+», егер үзіліс инелердегі импульстер энергиясын 1-бағдарламадан 0-бағдарламаға ауыстыру арқылы активтелген болса. Құрылғы жұмысын жалғастырады **(8)**, оның орнында инелердегі импульстардың энергия деңгейін көрсететін 1 саны пайда болады. Егер қызыл жарық релаксация бағдарламасы таңдалса, ол да жаңартылады.

Үзіліс режимінде құрылғыны 3 секунд ішінде Φ **(2)** түймесін басу арқылы немесе 1 минут ішінде ешқандай түймені баспай өшіруге болады.

6.7 Құрылғының жұмыс циклін аяқтау

Құрылғы жұмысының бір сеансы 10 минутқа созылады, оның аяқталғаны туралы бір ұзын дыбыстық сигнал хабарлайды. Дисплейлерде бұрын орнатылған ынталандыру деңгейінің сандары және қызыл шамды қолданатын релаксация бағдарламалары жыпылықтайды (егер қызыл жарық көзі қосулы болса).

Бірінші сеанс бір минут ішінде аяқталғаннан кейін екінші ынталандыру сеансын бастауға болады.

Импульстің қуат деңгейінің **(3)** «+» түймесін қысқа уақыт басқаннан кейін құрылғы қызыл жарықты пайдаланып бұрын орнатылған ынталандыру деңгейін және релаксация бағдарламасын қайта іске қосады.

Ұзақтығы 2x10 минуттық екі сеанстан кейін құрылғы 3 минутқа созылатын гибернация режиміне өтеді.

Жоғарғы дисплейде (8) "H" әрпі көрсетіледі; гибернация уақыты аяқталғаннан кейін дисплейде (8) "0" көрсетіледі, бұл жұмысқа дайын екенін білдіреді. Гибернация аяқталған соң құрылғы бір минуттан кейін өшеді.

6.8 Құрылғын өшіру

Құрылғыны екі қысқа дыбыстық сигнал естілгенше кем дегенде 3 секунд **⏻ (2)** түймесін басыу арқылы өшіруге болады. Құрылғы электр ынталандыру функциялары мен қызыл жарық көзін өшіреді. Дисплейлердегі сандар сөнеді.

6.9 Аккумуляторды қуаттау

6.9.1 Аккумулятордың төмен зарядының индикациясы

Батареяның төмен заряды батарея қуаты деңгейінің индикаторында **(10)** бірінші нүктенің баяу жыпылықтауымен көрінеді. Құрылғыны қуат көзіне қосу қажет.

Егер батарея заряды деңгейінің индикаторындағы **(10)** бірінші нүкте үздіксіз жанып тұрса, бұл батарея зарядының толығымен таусылғанын білдіреді және батареяны зарядтау үшін құрылғыны дереу қуат көзіне қосу керек, әйтпесе құрылғы өшеді.

6.9.2 Аккумуляторды қуаттау

Аккумуляторды қуаттау қуат көзінің USB-кабелі құрылғының қосқышына **(11)** қосылған кезде басталады, содан кейін қуат блогы розеткаға қосылады.

Аккумулятор қуатының деңгейі индикаторындағы **(10)** нүктелер аккумулятор зарядының деңгейіне пропорционалды түрде жарқырайды. Аккумулятор толығымен зарядталған кезде, аккумулятор заряды деңгейінің индикаторындағы **(10)** соңғы нүкте жанады және қуат көзі құрылғыдан ажыратылғанша жанып тұрады.

Құрылғыны зарядтау кезінде пайдалануға болады. Құрылғыны 3 секунд бойы **⏻ (2)** түймесін басып тұру арқылы іске қосуға болады.

6.9.3 Жұмыс кезінде аккумуляторды қуаттау

Батареяны зарядтауды кез келген уақытта бастауға болады. Бұл процесс таңдалған ынталандыру бағдарламасын үзбейді. Батарея заряды деңгейінің индикаторындағы **(10)** индикация 6.9.2-бөлімде сипатталған индикациямен бірдей.

7. Тазалау және күтім жасау

Құрылғыны тазалауды оны өшіріп, желіден ажыратқаннан кейін оны жұмсақ, таза, дымқыл жүргізу керек.

Құрылғыны әр қолданғаннан кейін инелерді жалпыға қол жетімді дезинфекциялау құралымен дезинфекциялау ұсынылады.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Құрылғыны суға батырмаңыз және оны ағынды сумен жууға болмайды. Құрамында хлор бар абразивті тазартқыштарды, маталарды немесе өнімдерді пайдаланбаңыз.

8. Техникалық деректер

1. Өндіруші мен жөндеу орталығы
ZEPTEK INTERNATIONAL POLAND Sp. z o.o.,
Доманевская 37,
02-672 Варшава, Польша

2. Қуат блогының талап етілетін параметрлері (қуат блогы жинаққа кірмейді)

- USB-A ағытпасы
- Тұрақты тоқтың шығатын кернеуі 5,0 В
- Шығатын ток минимум 1,1 А
- ЕО талаптарына сәйкесетін ЕО таңбасы бар қуат блогы

3. Frellux

- **Құрылғының жұмыс температурасы және аккумуляторды қуаттау**
 $+10^{\circ}\text{C} - +30^{\circ}\text{C}$
- **Тасымалдау және сақтау температурасы 3 айға дейін**
 $-10^{\circ}\text{C} - +40^{\circ}\text{C}$
- **Сақтау және пайдалану кезіндегі ылғалдылық**
 $< 75\%$
- **Аккумулятор типі**
 Литий-ионды полимерлі NCM 102540 3,7 В 1100 мАч
- **Зарядтау уақыты**
 ~ 3 сағат
- **Аккумуляторды зарядтағаннан кейінгі жалпы жұмыс уақыты**
 8 цикл 2×10 минуттан, 3 минуттық үзіліспен
- **500 Ом жүктемедегі импульс энергиясы**
 < 300 мДж
- **Қызыл жарық көзі толқындарының ұзындығы**
 640 ± 30 нм
- **Жарық импульсінің параметрлері:**
 Импульс уақыты / интервал / қайталануы
 - 1 бағдарлама үздіксіз жарқырау
 - 2 бағдарлама $0,05$ сек/ $0,05$ сек/ 100%
 - 3 бағдарлама $0,833 \cdot 10$ -3 сек/ $0,833 \cdot 10$ -3 сек/ 100%

- 4 бағдарлама 0,166 • 10-3 сек/0,166 • 10-3 сек/100%
 - 5 бағдарлама 0,0625 • 10-3 сек/0,0625 • 10-3 сек/100%

- **Қаптамасыз салмағы:**
Frellux 170 г +/- 10 г
- **Өндірілген елі:**
Польша
- **Өнім келесі нормаларға сәйкеседі:**
EN 60335-1
EN62233
EN62471
EN55014-1
EN55014-2
EN61000-3-2
EN61000-3-3

9. Пайдаланылатын символдардың сипаттамасы



Пайдаланушы нұсқаулығы



Пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығыңыз



Үй-жайда пайдалану үшін



Пайдаланылған құрылғыны тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға тыйым салынады. Электр және электронды жабдықтардың қалдықтары (ЭЭЖҚ) муниципалды қалдықтармен бірге тасталмауы тиіс.



Құрылғыда литий-полимерлі батарея бар және оны кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.



Өнім ЕО директивалырының талаптарына сәйкеседі.



ЕАС белгісі бұл өнімнің қолданыстағы стандарттарға сәйкес келетіндігін, Еуразиялық Кеден одағының сәйкестігін бағалаудың барлық процедураларынан өткенін және Кеден одағы елдерінде саудаға түсіруге рұқсат етілгенін білдіреді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

10. Жарамсыздықтарды жою

Жарамсыздық	Ықтимал себебі	Жарамсыздықты жою тәсілдері
⏻ түймесін басқаннан кейін реакция жоқ — құрылғы қосылмайды	Батарея зиярды таусылды	Қуат блогын осы нұсқаулықта көрсетілген параметрлермен қосыңыз және аккумуляторды зарядтаңыз
Құрылғы қуат көзіне қосылған кезде реакция жоқ	- Розеткадағы кернеудің болмауы - Дұрыс жалғанбаған USB қуат кабелі - Жарамсыз қуат блогы	- Қуат блогын осы нұсқаулықта көрсетілген параметрлермен жұмыс істейтін жарамды розеткаға қосыңыз - USB-кабелін құрылғыдан және қуат блогынан ажыратып, оны қайтадан тығыздап қосыңыз

Егер бұл шаралар көмектеспесе, қуат блогын розеткадан ажыратып, бүкіл жинақты жөндеу орталығына апарыңыз.

11. Кепілдік

Кепілдік жеткізілім кезінде сатушы ұсынған шот-фактурада көрсетілген сатып алу күнінен бастап **2 жыл** бойы жарамды.

Кепілдіктің егжей-тегжейлі шарттары сатып алушыға өнім мен шот-фактурамен бірге берілген кепілдік талонында көрсетілген.

Кепілдік ұлттық заңнамада көзделген сатып алушының құқықтарына немесе сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушының құқықтарына әсер етпейді.

12. Құрылғыны кәдеге жарату

Келесі экологиялық ақпарат Еуропалық Одақта және қалдықтарды бөліп жинау жүйелері бар басқа Еуропа елдерінде қолданылады.

Құрылғының қаптамасы мен корпусы, сондай-ақ Пайдаланушы нұсқаулығы және кепілдік талоны қайта өңдеуге жатады.

12.1 Пайдаланылып болған батареяларды кәдеге жарату



Бұл өнімде қайта зарядталатын батарея бар. Бұл таңба батареяны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтынын білдіреді. Тастаудың орнына оны қайта өңдеу үшін тиісті жинау пунктіне тапсыру керек. Батареяда сынаптың, кадмийдің шамадан тыс мөлшері жоқ және Еуропалық Парламент пен Кеңестің (ЕО) 2023/1542 Регламентінің ережелеріне сәйкес келеді.

Қауіпсіздік мақсаттарында аккумуляторды өнімнен шығармаңыз. Әрқашан «Zeper» авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Аккумуляторды ауыстыру «Zeper» авторландырылған қызмет көрсету орталығында жүргізілуі тиіс; пайдаланушының ауыстыруына жол берілмейді.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Ешқандай жағдайда аккумуляторды отқа тастамаңыз. Бұл өте қауіпті және тыйым салынған. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.

12.2 Құрылғыны кәдеге жарату



Бұл таңба Еуропалық Одақ елдерінде бұл өнімді қалдықтарды жинайтын жеке пунктте кәдеге жарату керек дегенді білдіреді. Бұл өнімге және осы таңбамен белгіленген барлық керек-жарақтарға қатысты. Осылайша таңбаланған өнімдер әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталмауы тиіс; тастаудың орнына оларды электр және электронды жабдықты қайта өңдеу үшін жинау пунктіне тапсыру қажет.

12.3 Қаптама



Егер сіз қаптаманы қайта өңдегіңіз келсе, өз еліңізде қолданылатын экологиялық ережелерді сақтағаныңызға көз жеткізіңіз.

13. Сәкестік туралы декларация

CE Frellux құрылғысы келесі еуропалық директиваларға сәйкеседі: EMC (2014/30/EU директивасы), ROHS (2011/65/EU директивасы II Қосымшаны өзгертетін 2015/863/EU директивасымен бірге), WEEE (2012/19/EU директивасы). CE (EO) сәйкестік декларациясы құрылғының қауіпсіздігіне, тексеруден және сынақтан өткеніне және қолданыстағы стандарттарда, директиваларда және ережелерде белгіленген барлық талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

Frellux

Пайдаланушы нұсқаулығы
AP-001



www.zepter.kz
@myzepter

Zepter International Kazakhstan
ОРТАЛЫҚ КЕҢСЕ:
050000, Алматы қ.-сы,
БӨГЕНБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ, 140

Call-center: 3040
(ұялы телефоннан тегін)

Home Art & Sales Services AG
Силеггштрассе 23
8832 Воллерау
Швейцария